

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

*Тақырыбы: «Баланың қажеттілігін қанағаттандыру және қабілетін анықтау мақсатында оның жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына қолайлы жағдайлар туғызу»*

*Балабақшаішілік семинар*

Тәрбиеші: Карашаева Г.И.

Жакеева З.М.

Сүлейменова З.Ж.

2024жыл

**Тақырыбы:** «Баланың қажеттілігін қанағаттандыру және қабілетін анықтау мақсатында оның жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына қолайлы жағдайлар туғызу»

**Мақсаты:** Қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгертіп, оның жан-жақты үйлесімді етіп дамыту. Жеке тұлғаның қалыптасу процесіне әсер ететін факторларды айқындау.

Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттың бүгінгі де, болашағында тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Балаларды мектепке дайындауда психологиялық өріс – еркіндік, батылдық, имандылық тәрбиелерін бала бойына сіңіріп, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру шешуші роль атқарады.

1. Әлеуметтік дамуда баланың үлкендермен қарым-қатынасы және өз құрбы-құрдастарымен баланың ой-өрісін қалыптастыру мүмкіндіктері көзделеді, өз отанына, отбасына халқының салт-дәстүріне көңіл бөлу.

2. Танымдық даму барысында мына міндеттер ерекшеленеді : айнала қоршаған өмірмен таныстыру мәселелерін түйіндеу, оның тәсілдері мен қасиеттерін сезіну.

3. Әсемдік даму барысында өмірге деген құштарлық пен көркемдік танымды қалыптастыру.

4. Дене тәрбиесі дамуында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене мәдениетінің жан-жақты күтімі мен дұрыс дамуы.

Баланың бойында адамгершілік қасиеттердің негізі отбасында қалыптасады. Отбасындағы адамдармен қарым-қатынаста бала мәдениетті үйренеді, жеке адамға тән ар-ұят, ақыл-ой адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Осыған орай кез келген бүлдіршін үшін балабақша тәрбиесі ата-анадан алған тәлім тәрбиесін одан әрі жалғастырады. Балабақшаның ең басты мақсаты мемлекеттік білім беру бағдарламасына сай мектеп жасына дейінгі бүлдіршіннің жан-жақты эстетикалық дамуын қамтамасыз етеді. Кішкентай бүлдіршіндердің алғашқы даму кезеңінде білім мен тәрбие беру жұмысы жан-жақты болуы заман талабы.

Қазіргі кезде білім берудің мемлекеттік стандарттары этномәдени компоненттермен толықтыруға мүмкіндік береді. Баланың жеке тұлғасын қалыптастыру және дамыту барысында оларды ұлттық мәдениет рухында дамытуға қажетті барлық қолайлы жағдайларды ескеру керек. Ең бастысы-ұстаз өз халқының ұлттық мәдениетінің бай тәжірибесіне ие болу қажет.

Оқу-тәрбие жұмысын сапалы түрде жақсарту және ұлттық мәдениет байлығын әлем мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қабылдату әр ұстаздың өзіндік әдіс-тәсіліне, шығармашылық қабілетімен өнері жеке тұлғаны қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді.

Жеке тұлғаның белгілі бір мәдени ортада болуы оның тұлғалық және танымдық дамуына ерекше әсерін тигізеді, сол ерекшеліктерді түсініп меңгеруге себепші болатын баланың ойлау қабілеті, танымдық процестері.

**Баланың жеке тұлға болып қалыптасуына оның ақыл-ойын дамыту арқылы санасын жетілдіру. Адамзаттық өркениетті тұлғаны бойына біртіндеп сіңіру. Жеке тұлғаны іс-әрекетке ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге белсене қатыстыру.**

Түйіндей келе, адамға тән адамгершіліктің, парасаттылықтың және ой – шабының жиынтығы ретінде қарастырып, адамды еркін ойлаудың адамшылықтың шынайы иесі деп қабылдаймыз. Адам негұрлым өз өмірі мен тағдырына жауапкершілігін ерте сезінсе, соғұрлым өмірін дұрыс құруға талпынады. Содан барып өз ойымен әрект ететін тұлғаны тәрбиелеу іске асады.

## **Дөңгелек үстел.**

**Отбасы тәрбиесіндегі баланы жан-жақты дамытудың негізгі мақсаттары не деп ойлайсыз?**

- Баланы жан жақты дамыту;
- Баланың мінез-құлқындағы ақыл-ой маңыздылығын арттыру;
- Қоғамда және ұжымда өмір сүру мүмкіндігін қалыптастыру;
- Баланы белсенділікке, өзіндік әрекет етуге, өзгелермен оңтайлы қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу;

**Жанұяда баланы тәрбиелеуде қандай міндеттер көзделеді?**

\*Бала тәрбиесі негізі ата анада жатқанын естен шығармау;

\*Балалардың рухани дамуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

\* Салауатты өмірді насихаттауда үлгі көрсету;

**Жеке тұлғаны қалыптастыруда қандай факторлар әсер етеді?**

- Тәрбие орындары;
- Ұстаз бен отбасы;
- Көрші, құрдастары;
- Қоршаған орта;
- Тұқым қуалаушылық;

**Қарым-қатынастың тұлға дамуындағы орны?**

- Ойлау қабілеті дамиды;
- Мінез-құлық нормалары қалыптасады;
- Сөйлеу қабілеті мен тіл мәдениеті дамиды;
- Дүние танымы қалыптасады;

## Бала дамуына теріс әсер ететін жағдайлар?

- \*Жанұядағы жанжал;
- \*Баланың көзінше басқа біреді сөгуі;
- \*Үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы;
- \*Ажырасу;

## Жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі – тәрбие, Тәрбиеші қандай іс-әрекеттерді ұйымдастырады?

- \*Арнаулы жоспар бойынша тәрбие жұмысын ұйымдастырады;
- \*Тәрбие құралдары мен әдістерін, формаларын іздестіреді;

## Әлеуметтік орта – жеке тұлғаның дамуына қандай ықпал жасайды?

- Баланың дүние көзқарасы, құлықтық, эстетикалық және болымды қасиеттерін қалыптастырады;

### Қимылды ойындар:

#### 1. «Спорт- денсаулық кепілі»

Мақсаты: қозғалыс дағдыларының негізгі қимылдарын дамыту, қызығушылықтарын артыру.

#### 2. « Воскобович ойыны»

Мақсаты: баланың есте сақтау қабілетін дамыту.

#### 3. «Кім шапшаң?»

Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ептілікке және көз қырағылығы мен тапқырлыққа, сенімділік сезімін күшейтеді.





